

# **БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПРОСПЕКТІ**

**90 000 000 000  
(тоқсан миллиард) теңге**

**«Қазақтелеком»  
Акционерлік қоғамы  
(«Қазақтелеком» АҚ)**

Проспект әзірленген күн : 30 қараша 2014 жыл

Қаржы көрсеткіштері ұсынылған күн: 30 қыркүйек 2014 жыл

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі, Проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болсын ұсынымдар ұсынуды білдірмейді. Облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың нақтылығына жауапкершілік атқармайды. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы Проспектідегі ақпараттың нақтылығы мен онда ұсынылған ақпарат нақты және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығы үшін жауап береді.

## 1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

### 2. Эмитенттің атауы

Атауы	Толық	Қысқартылған
Мемлекеттік тілде	«Қазақтелеком» Акционерлік Қоғамы	«Қазақтелеком» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное Общество «Қазақтелеком»	АО «Казакхтелеком»
Ағылшын тілінде	Joint Stock Company «Kazakhtelecom»	JSC «Kazakhtelecom»

### Эмитент атауындағы барлық қолданылу мерзіміндегі өзгерулер

Атауы	Толық	Қысқартылған
Мемлекеттік тілде	«Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік компаниясы 01.12.1994ж. 20.02.1997ж. дейін	«Қазақтелеком» ҰАК
Орыс тілінде	Национальная акционерная компания «Қазақтелеком» 01.12.1994ж. 20.02.1997ж. дейін	НАК «Казакхтелеком»
Ағылшын тілінде	National joint stock company «Kazakhtelecom» 01.12.1994ж. 20.02.1997ж. дейін	NJSC «Kazakhtelecom»
Мемлекеттік тілде	«Қазақтелеком» ашық акционерлік қоғамы 20.02.1997ж. 01.04.2004ж. дейін	«Қазақтелеком» ААҚ
Орыс тілінде	Открытое акционерное общество «Қазақтелеком» 20.02.1997ж. 01.04.2004ж. дейін	ОАО «Казакхтелеком»
Ағылшын тілінде	Open joint stock company «Kazakhtelecom» 20.02.1997ж. 01.04.2004ж. дейін	OJSC «Kazakhtelecom»
Мемлекеттік тілде	«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы 01.04.2004ж. осы уақытқа дейін	«Қазақтелеком» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Қазақтелеком» 01.04.2004ж. осы уақытқа дейін	АО «Казакхтелеком»
Ағылшын тілінде	Joint stock company "Kazakhtelecom» 01.04.2004г. осы уақытқа дейін	JSC «Kazakhtelecom»

### 3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Астана қаласының Әділет Департаментімен 18.08.2014 берілген БСН 941240000193, Мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама.

### 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі: 600700017446

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 941240000193

### 5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефоны мен факс нөмірі, электронды поштаның мекенжайы туралы ақпарат.

Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көш., 12 үй.
-----------------	---

<b>Байланыс телефоны мен факс нөмірлері</b>	Тел.: (7172) 58 06 59, 58 77 18 Факс: (7172) 58 77 24
<b>Электронды мекенжайы</b>	E-mail: telecom@telecom.kz
<b>Web-сайт</b>	www.telecom.kz

## 6. Эмитенттің банктік деректемелері

<b>Банктік деректемелері</b>	БСН 941240000193, СТН 600700017446; экономика секторының коды -16 «Казкоммерцбанк» АҚ ЖСК KZ779261802104233017, БСК KZKOKZKX
------------------------------	---

## 7. Эмитент қызметінің түрлері

1. Қоғам Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде жалпы пайдаланылатын телебайланыс желілеріне және телебайланыстың жеке жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, пайдалану және монтаждау қызметін жүзеге асырады, жалпы пайдалану телекоммуникациясы желілерінің, соның ішінде Электр байланысының халықаралық одағы және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компанияларымен, пайдаланушыларымен халықаралық ұйымдарымен есеп жүргізу құқығымен, қала аралық және халықаралық байланыстарды орнату операторы қызметін орындайды.

2. Қоғам келесі қызмет ету түрлерін ұсынуды жүзеге асырады:

1) Таксофон желісі, телеграф байланысы және АТ-50 абоненттік телеграфтау желілері, мәліметтерді беру, соның ішінде каналдарды және пакеттерді коммутациялау қызметін қоса алғанда, факс, жалпы пайдалану телебайланыс желілерінің дауыс байланысының базалық қызметтері;

2) Каналдарды және байланыс желілерін, соның ішінде телебайланыс қызметтерінің барлық түрін беру үшін сандық желілерді жалға алу;

3) Қосымша қызметтер, соның ішінде конференцбайланыс, дауыстық пошта, хабарламаларды күту, шақыруларды күту, шақыруларды бағыттау, шақыруларды оқшаулау, шақыруларды таңдамалы қабылдау, шақыру абоненттерін сәйкестендіру, шақыруларды електен өткізу, жедел шақыру, кері шақырумен нөмірді теру, деректер банкі қызметтері, бейнеконференция өткізу, ақпараттың интерактивті құралдарының қызметтері, «клиент сервер» үлгісіндегі жүйені пайдалану және жалпы пайдалану телебайланысы желісі немесе телебайланыстың жеке жүйелері арқылы көрсетілетін өзге де қызметтер;

4) Операторлар арқылы көрсетілетін ақпараттық-анықтамалық қызметтердің және қала аралық және халықаралық байланыс қызметтерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жедел медициналық, құқық қорғау, өрт, апаттық, анықтамалық және басқа да қызметтермен тегін қосылулардың барлық түрлері.

5) Бағдарламалық өнімдер, құрал-жабдықтар, консалтингтік қызметтер, сонымен қатар ақпараттық жүйелерді енгізу және сервистік қызмет көрсету бойынша қызметтерді қоса алғанда, ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтер.

6) Жоғары технологиялық байланыс қызметтері:

а) байланыстың зияткерлік желісі, кадрларды ретрансляциялау бойынша қызметтер;

б) Интернетке коммутациялық ұлықсат;

в) бөлінген каналдар бойынша Интернетке кіру;

г) айқын сандық каналдарды ұйымдастыру;

- д) VPDN (жеке коммутацияланатын виртуалды желілер);
  - е) видеоконференцбайланыс;
  - ж) байланыстың өзге жоғары технологиялық қызметтері.
- 7) Сымсыз байланыс қызметтері:
- а) деректерді және хабарламаларды сымсыз берудің өзге ұқсас қызметтері және барлық пейджингтік хабарламаларды енгізу, пайдалану, қабылдау және беру;
  - б) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген транкингтік ұтқыр жүйелері және стандарттардың ұялы байланыс қызметтерін қоса алғанда және бұлармен шектелмейтін жеке байланыс қызметтерін және жеке байланыс жүйелерін енгізу, пайдалану, қабылдау және беру;
- 8) спутниктік байланыс қызметтері: телебайланыс пайдаланушыларына спутниктік байланыс қызметін ұсыну мақсатында радиожилілік спектрі және геостационарлық және төмен орбиталық байланыс спутниктерін пайдалану.

**3. Қоғам телебайланыс саласында келесі технологиялық қызметті жүзеге асырады:**

1) жалпы республикалық, магистралдық және халықаралық байланыс желілерін жобалау, салу және пайдалану;

2) инженерлік-зерттеулік, ғылыми-зерттеу, сарапшылық, жобалық-құрылымдық қызмет;

3) құрылыстық-монтаждық, жөндеу және іске қосу-реттеу жұмыстары;

4) инновациялық қызмет;

5) телебайланыс саласындағы метрологиялық қызмет;

6) байланыс каналдары бойынша ақпараттардың барлық түрлерінің үздіксіз берілісін ұйымдастыру, сенімділікті арттыру, телебайланыс желілерін тиімді пайдалану;

7) Қоғамның телебайланыс желілерін дамыту және модернизациялау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

8) телебайланыс ғимараттарын және нысандарының күрделі құрылысын салуды ұйымдастыру;

айрықша бөлісті, ұтымды таратуды қамтамасыз ету, сонымен қатар байланыс қызметін пайдаланушылардың мүддесіне тракттарды резервте сақтау;

9) Қоғамның телебайланыс желілерін қалыптастыру,

10) Қоғамның телебайланыс желілері жұмысының сапасы туралы ақпараттарды жинау және талдау;

11) телебайланыс құралдарын пайдалануды жетілдіру;

12) өндірістік-экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында телебайланыс нысандарын қайта құрылымдау;

13) пайдаланушыларды және операторларды Қоғамның желі өзгерістері және желі жағдайындағы өзгерістер туралы хабардар ету;

14) телебайланыс бойынша халықаралық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

15) түрлі операторлар және байланыс қызметін пайдаланушылар арасында есептеуді жүзеге асыру;

16) Қоғам мүддесіне орай халықаралық телебайланыс және өзге ұйымдар және бірлестіктерге қатысу;

17) Қоғаммен пайдаланылатын жалпы пайдалану телебайланысы немесе жеке желілердің көмегімен кез-келген басқа қызметтерді көрсету;

**4. Қоғам басқа да қызметтерді көрсетеді, атап айтқанда:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам үшін рұқсат етілген сыртқы экономикалық қызметті енгізу;

2) сауда-сатып алу, делдалдық және коммерциялық қызмет;

3) менеджмент, маркетинг, инжиниринг;

4) Қоғам үшін тиым салынбаған ақпараттық, сервистік және өзге де қызметтерді көрсету;

- 5) Қоғамның және өзге заңды және жеке тұлғалардың, соның ішінде шетелдік тұлғалардың қаржы құралдарын Қоғамның телебайланыс желілерін дамытуға жұмылдыру және шоғырландыру;
- 6) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасындағы шаруашылық және өндірістік өзара қарым-қатынасты реттейтін нормативтерді әзірлеу;
- 7) сыртқы және ішкі нарыққа Қоғамның құнды қағаздарын шығару және іске асыру;
- 8) мемлекеттік және мемлекеттік емес құнды қағаздарды сатып алу және сату;
- 9) Қоғам қаражатын салалық және аймақтық бағдарламалар мен жобаларға инвестициялау;
- 10) тікелей және қоржындық инвестиция;
- 11) Қоғам қызметінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорындардың, жаңа технологияларды құру мақсаты үшін басқа заңды тұлғалардың қызметіне өз қаражатымен қатысу;
- 12) техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 13) телебайланыс құралдарына сервистік қызмет көрсету жүйесін құру;
- 14) құрылымдық бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 15) белгіленген ережелерге және нормаларға сәйкес ғимаратты, құрылысты, технологиялық және арнайы транспортты, механизмдерді, энергетикалық құрылғыларды ұстауды қамтамасыз ету;
- 16) қабылданған бағдарламаларға сәйкес Қоғамның кадрларын кәсіби дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыружың ұтымды жүйесін енгізу;
- 17) серіктестер іздеу және олармен Қоғам мүддесіне сай келісімшарттарға отыру;
- 18) Қоғамның жылжымайтын мүлкін басқару, мүдделерін сақтау және мүліктік құқықтарын қорғау шараларын жүзеге асыру;
- 19) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызметтер;

**8. Эмитентке тағайындалған немесе Қазақстан Республикасы рейтинг агенттіктерімен және (немесе) халықаралық рейтингтік агенттіктермен шығарылған құнды қағаздар рейтингтерінің бар-жоғы туралы мәліметтер**

Рейтинг	Standard & Poor's	Fitch
Шетел валютасындағы Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі	BB	BB
Ұлттық валютадағы Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі	BB	BB
Болжам	Он	Тұрақты
Эмитент дефолтының қысқа мерзімді рейтингі	отсутствует	B
Ұлттық шәкіл бойынша Эмитенттің ұзақ мерзімді рейтингі	kzA+	A (kaz)

Дереккөз : несие, агенттіктері, Bloomberg

2014 жылғы 30 қарашадағы жай-күйі бойынша Эмитенттің «Moody's» халықаралық рейтинг агенттігінен рейтингі болған жоқ.

Сонымен бірге, құнды қағаздар рейтингі сатып алу, сату немесе құнды қағаздарды ұстау кепілдемесі бола алмайды және тоқтатылуы, төмендеуі және кез-келген рейтинг агенттіктерімен белгіленген кез-келген уақытта жойылуы мүмкін.

**Эмитентке қаржы агенттігі мәртебесі тағайындалған жағдайда, уәкілетті органның қаулысының күнін, нөмірін көрсету қажет.**

2014 жыл 30 қарашадағы жай-күйі бойынша эмитенттің қаржы агенттігі мәртебесі жоқ.

**9. 2014 жыл 30 қарашадағы жағдай бойынша Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің пошталық мекенжайлары және орналасқан жерлері, тіркелген күндері, атаулары:**

№	Атауы	Ұйымдық-құқықтық нысан	Пошталық мекенжайы	Тіркеу нөмірі
1	Ақмола ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	020000 , Көкшетау қ., Абай к., 108	02 шілде 2004 жыл № 186-1902-Ф-л
2	Алматы ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	040000 Талдықорған қ., Ақын-Сары көш.137	15 шілде 2004 жыл № 1049-1907-Ф-л
3	Ақтөбе ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	030000 Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ.41	08 шілде 2004 жыл № 590-1904 -Ф-л
4	Атырау ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	060011 Атырау қ., Пушкина көш, «Байланыс үйі»	02 шілде 2004 жыл № 611-1915 -Ф-л
5	Шығыс Қазақстан ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	070019 г.Өскемен қ., Қазақстан көш.67	28 маусым 2004жыл №794-1917 -Ф-л
6	Жамбыл ОДТ	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	080012.Тараз қ., Абай к.124	19 шілде 2004 жыл № 1511-1919 -Ф-л
7	Батыс Қазақстан ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	090001 Орал қ., Еуразия даңғ., 90/2	23 шілде 2004 жыл № 347-1926 -Ф-л
8	Қарағанды ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	100008 Қарағанды қ., Бейбітшілік Бульвары, 4	12 шілде 2004 жыл № 881-1930 -Ф-л
9	Қостанай ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	110000 Қостанай, Таран көш. 56	05 шілде 2004 жыл № 912-1937 -Ф-л
10	Қызылорда ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	120014 Қызылорда қ., Айтеке би к.13	21 шілде 2004 жыл № 912-1933 -Ф-л
11	Маңғыстау ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	130000 Ақтау қ., 14 ш.а. Байланыс үйі	11 тамыз 2004 жыл №213-1943 -Ф-л
12	Павлодар ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	140000.Павлодар қ., Бектуров қ., 60	20 шілде 2004 жыл № 531-1945-Ф-л
13	Солтүстік Қазақстан ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	150008 Петропавловск қ., Букетов қ., 36	15 қыркүйек 2004 жыл №505-1948 -Ф-л
14	Оңтүстік Қазақстан ОТД	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	160000 Шымкент қ., Қазыбек Би қ., 15	24 мамыр 2004жыл № 2174-1958 -Ф-л
15	ҚТО «Астанателеком»	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	010000 Астана қ., Кенесары к. 55	13 шілде 2004 жыл № 1173-1901-Ф-л
16	ҚТО «Алматытелеком»	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050004 Алматы қ., Панфилов қ,72/74	21 шілде 2004 жыл № 593-1910 -Ф-л
17	«Дальняя связь» Бірлестігі (ОДС)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050002 Алматы қ., Ш.Есенов қ., 23/7	2004 жылғы 30 тамыздағы есептік қайта тіркеу куәлігі №1135-1910-Ф-л. Қайта тіркеу, 27 қыркүйек 2006 жыл №13031
18	Корпоративтік сауда-саттық дирекциясы (КСД)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050000 Алматы қ., Панфилов қ., 129	04 қараша 2004 жыл №1630-1910-Ф-л
19	Телебайланыс және инфрақұрылым нысандарын салу жөніндегі дирекция (ТИСД)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050004 Алматы қ., Чайковский к.39	21 қазан 2004 жыл №457-1910 -Ф-л

№	Атауы	Ұйымдық-құқықтық нысан	Пошталық мекенжайы	Тіркеу нөмірі
20	«Телеком-Комплект» Дирекциясы (ТКД)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050016 Алматы қ. 2-ші Гончарная к., 145-А	29 желтоқсан 2004 жыл №982-1910 -Ф-л
21	«Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» Дирекциясы (ИТАД)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050031 Алматы қ., Төле би к., 291-Б	07 желтоқсан 2009 жыл № 4746-1910 -Ф-л
22	Ақпараттық жүйе дирекциясы (АЖД)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050004 Алматы қ., Чайковский к.,39А	20 сәуір 2006 жыл №3575-1910-Ф-л
23	Телебайланыс желілерін басқарудың негізгі орталығы (ТЖБНО)	«Қазақтелеком» АҚ филиалы	050004 Алматы қ., Чайковский к.39А	25 қаңтар 2012 жыл № 5416-1910
24	Ресей Федерациясындағы Өкілдік, Мәскеу қ.	«Қазақтелеком»АҚ Өкілеттілігі	125009 Мәскеу қ., Тверская к., 28 үй, 2 корпус	25 сәуір 2001 жыл, 2004 жылы 25 қарашада берілген, серия 77 №0413960
25	Қытай халық республикасындағы «Қазақтелеком АҚ Өкілдігі	«Қазақтелеком»АҚ Өкілеттілігі	<i>ағылшынша:</i> Room 313, Northern Tower, SOGO Plaza, 6 Xuanwumenwai st., Xuanwumen district, Beijing, China, 100052 <i>орысша :</i> Комната 313, Северная башня, «Сого плаза», ул. Сюаньуменьвай, д.6, район Сюаньумень, Пекин, КНР, почтовый код: 100052	30 мамыр 2006 жыл №110000400157746

**10. Тиісті алқаға (қоғамдастыққа, палатаға) қатыстылығын көрсете отырып, Эмитенттің аяқталған соңғы үш қаржылық жылға қаржы есеп-қисабы аудитін жүзеге асырған (асыратын) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (тегі, аты, бар болса аудитордың әкесінің аты)**

2012, 2013, 2014 жылдардағы 31 желтоқсамен аяқталған жылдарға Эмитенттің қаржы есеп-қисабы аудитін «Эрнст энд Янг» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді: Қазақстан Республикасында аудиторлық қызмет жүргізуге мемлекеттік лицензиясы №0000003, серия МФЮ-2, Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігімен 2005 жылы 15 шілдеде берілген.

"Эрнст энд Янг" ЖШС Қазақстан Республикасы аудиторлар Палатасының мүшесі болып табылады.

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Қызмет атауы	2012 ж. қаржы есеп-қисабы аудиті	2013 ж. қаржы есеп-қисабы аудиті	2014 ж. қаржы есеп-қисабы аудиті
Кеңесшінің аты-жөні	<ul style="list-style-type: none"> <li>а-т Евгений Жемалетдинов – аудит жөніндегі серіктес (Аудитордың біліктілік куәлігі №0000553 24 желтоқсан 2003жыл) Жоба жетекшісі</li> <li>аз-ша. Айсулу Нарбаева— аудит жөніндегі серіктес (Аудитордың біліктілік куәлігі ) №0000137 21 қазан 1994 жыл. АҚШ Дипломды қоғамдық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>а-т Евгений Жемалетдинов аудит жөніндегі серіктес (Аудитордың біліктілік куәлігі №0000553 24 желтоқсан 2003жыл) Жоба жетекшісі</li> <li>аз-ша. Айсулу Нарбаева— аудит жөніндегі серіктес (Аудитордың біліктілік куәлігі ) №0000137 21 қазан 1994 жыл. АҚШ Дипломды қоғамдық бухгалтері, сертификат №</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>а-т Евгений Жемалетдинов аудит жөніндегі серіктес (Аудитордың біліктілік куәлігі №0000553 24 желтоқсан 2003жыл) Жоба жетекшісі</li> <li>а-т. Вадим Балашов – Серіктес , кеңесші – сарапшы (АҚШ Дипломды қоғамдық бухгалтері, сертификат №СР 3430 01 қазан 2003 жыл)</li> </ul>

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
	бухгалтері, сертификат № 3077 04сәуір 2002 жыл, Қазақстан Республикасы аудиторлар Палатасының мүшесі)	3077 04сәуір 2002 жыл, Қазақстан Республикасы аудиторлар Палатасының мүшесі) • а-т. Вадим Балашов – Серіктес, кеңесші – сарапшы (АҚШ Дипломды қоғамдық бухгалтері, сертификат №СР 3430 01 қазан 2003 жыл)	

**Тиісті алқаға (қоғамдастыққа, палатаға) қатыстылығын көрсете отырып, өкілетті органға проспектіні ұсынуға үш жыл бойы тиісті қызметтерді көрсету үшін келісімшарттар жасалған заңгерлік және қаржылық мәселелер жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы**

**Эмитенттің заңгерлік мәселелер жөніндегі Кеңесшілері:**

Жылы	Заңгерлік ұйымдардың атауы	Қызметтердің атауы
2011 ж.	"Уайт энд Кейс Қазақстан" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Корпоративтік мақұлдау мәселелері бойынша Меморандум
2011 ж.	Қазақстан Республикасындағы "Бейкер и Макензи - Си-Ай-Эс, Лтд." Компаниясының филиалы	Заңи тұжырым
2011 ж.	"Саланс" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Заңгерлік сүйемелдеу. SPA жобасын дайындау
2012 ж.	"Уайт энд Кейс Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	M&A келісімдеріне қатысты мәселелер бойынша Меморандум, (бірігу-жұтылу)
2012 ж.	"Саланс" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Инвестициялық қызметті жүргізудің шарттары және мүмкіндіктерінің заңды талдауы
2012 ж.	SNR Denton Kazakhstan Limited	Заңи тұжырым
2013 ж.	Нортон Роуз (Қазақстан) Лимитед	Заңи тұжырым
2013ж.	"Кинстеллар" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Заңи тұжырым
2013 ж.	"Уайт энд Кейс Қазақстан" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Заңгерлік қызмет көрсету
2014 ж.	Қазақстан Республикасындағы "Бейкер и Макензи - Си-Ай-Эс, Лтд." Компаниясының филиалы	Келісімді заңдық сүйемелдеу

Жоғарыда аталған заңгер кеңесшілермен жасалынған келісімшарттар бұзылған жоқ. Жоғарыда аталған компаниялардың қандай да бір алқаларға (қоғамдастыққа, палатаға) қатыстылығы туралы ақпарат жоқ.

**Эмитенттің қаржы мәселелері жөніндегі Кеңесшілері:**

жылы	Қаржы ұйымдарының атауы	Қызметтердің атауы
------	-------------------------	--------------------



2011 г.	"КПМГ Такс энд Эдвайзори Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Инвестициялық меморандумның қаржылық аспектілерінің талдауы
2012 г.	"КПМГ Такс энд Эдвайзори» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қаржы және салық Due Diligence
2013 г.	КПМГ Такс энд Эдвайзори Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеттегі компаниялардың қаржы постинвестициялық зерттеуі
2014 г.	J.P. Morgan securities plc.	Қаржылық кеңес беру қызметі
2014 г.	"Казкоммерц Секьюритиз" Акционерлік қоғамы ("Казкоммерцбанк" акционерлік қоғамының еншілес ұйымы )	Қаржылық кеңес беру қызметі

Жоғарыда аталған қаржы кеңесшілермен жасалынған келісімшарттар бұзылған жоқ. Жоғарыда аталған компаниялардың қандай да бір алқаларға (қоғамдастыққа, палатаға) қатыстылығы туралы ақпарат жоқ.

#### **11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні**

Корпоративтік басқару кодексі 2008 жылы 11 наурызда «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің шешімімен бекітілді. (Хаттама № 35 11 наурыз 2008жыл). Өзгерістер 29.12.2011 ж. №46, 18.01.2013ж. №49 ВОСА шешімімен бекітілді және енгізілді

## 2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

### 12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес, «Қазақтелеком» Акционерлік қоғамы акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (Хаттама № 49, 18 қаңтар 2013 жылы), бекітілген Эмитенттің басқару органдары:

1. Жоғары орган – Акционерлердің Жалпы Жиналысы ;
2. Басқару органы – Директорлар Кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма ;
4. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласын бағалауды, тәуекелді басқаруды, Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару, сонымен қатар кеңес беру саласындағы құжаттарды орындауды жүзеге асыратын Орган- Ішкі аудит Қызметі.

### Акционерлердің Жалпы Жиналысы

Акционерлердің Жалпы Жиналысының айрықша құзіретіне келесілер жатады:

- 1) Қоғам қызмет түрлерінің және қызмет мақсаттарының негізін құрайтын миссияны анықтау;
- 2) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қоғам Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 3) Қоғамның өз еркімен қайта құрылуы немесе жойылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның рұқсат етілмеген акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастаудың шарттарын және тәртібін, сонымен қатар олардың өзгерісін анықтау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін екінші түрдегі акцияға айырбастау шешімін қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын және тәртібін анықтау;
- 8) Қоғамның корпоративтік басқару Кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер және толықтырулар енгізу;
- 9) Қоғамның есептік комиссиясының өкілеттілігінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы төлемінің және Директорлар Кеңесінің өз міндеттерін атқарғандағы жұмсалған шығындарының мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 11) тәуелсіз директорлыққа кандидаттарға қойылатын кәсіби талаптарды бекіту;
- 12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 13) Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабын бекіту;
- 14) Қоғамның жылдық есеп-қисабын бекіту;
- 15) есептік қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін бекіту және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бекіту;
- 16) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларын ерікті түрде делистингтеу (шығару) туралы шешім қабылдау;

18) өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның қатысуы туралы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан асатын пайызын құрайтын сомадағы бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

19) акционерлер Қоғамымен акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау формасын анықтау және мұндай ақпаратты Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

20) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасы актілеріне сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғаммен оларды сатып алуда акциялардың бағасын анықтау әдістемесін (соның ішінде оған енгізілген өзгерістер) бекіту;

22) «алтын акцияны» енгізу және жою;

23) акционерлердің Жалпы жиналысы туралы Ережені бекіту;

24) Қоғамның Директорлар Кеңесі туралы Ережені бекіту;

25) Дивидендтік саясат туралы Ережені бекіту;

26) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау;

27) Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерімен жасалынған Типтік келісімшартты бекіту;

28) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған өзге мәселелер;

### **Директорлар Кеңесі**

Директорлар Кеңесінің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның стратегиялық мақсаттарын қызметінің басым (даму) бағыттарын анықтау және бекіту, оларды жүзеге асыру мониторингі;

2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) орналастыру (жүзеге асыру) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастырылған (жүзеге асырылған) акциялар саны туралы, оларды орналастырудың (жүзеге асыру) тәсілдері және бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның міндеттемелерін оның жеке капиталының ондаған немесе одан асатын пайыз мөлшерін құрайтын шамада көбейту

5) келісім жасау немесе нәтижесінде Қоғаммен бағасы Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он немесе одан асатын пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) өзара байланысты келісімдердің жиынтығы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабын алдын-ала бекіту;

8) Қоғамның жылдық есеп-қисабын алдын-ала бекіту;

9) Директорлар кеңесі комитетінің құрамын анықтау және құру, оның мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесі комитеті туралы ережені бекіту;

10) Қоғамның облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

11) Қоғам Басқармасының Сандық құрамын, өкілдік мерзімін анықтау, Қоғамның Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сонымен қатар Басқарма мүшелерін сайлау мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын есепке ала отырып олардың өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Директорлар Кеңесімен бекітілген тізбеге сәйкес Басқарма және Қоғам мүшелерінің және басқа қызметкерлердің сабақтастығын жоспарлау бағдарламасын бекіту;

13) Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызмәтақысын, еңбекақы төлемі шарттарын және сыйлықақы беру мөлшерін анықтау;

14) ішкі аудит Қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымына кандидаттарға, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі және Хатшылық құрамына кандидаттарға қойылатын кәсіби талаптарды бекіту;

15) Ішкі аудит қызметі және Хатшылықтың штаттық кестесін бекіту;

16) Ішкі аудит қызметінің өкілдік мерзімін, сандық құрамын анықтау, сонымен қатар олардың өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі жұмыстарының тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақы төлемін және сыйлықақысын төлеу шарттарын анықтау;

17) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілдігі мерзімін анықтауоның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Корпоративтік хатшының лауазымдық қызмәтақысын және сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау, сонымен қоса Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

18) Қоғамның омбудсменінің өкілдігін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ол туралы ережені бекіту;

19) Қаржылық есеп-қисап үшін аудиторлық ұйымдардың қызметін төлеу мөлшерін, сонымен қатар Қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі келсім нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнының бағалауы бойынша бағалаушыны анықтау;

20) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданған құжаттардан өзге, Қоғамның ішкі қызметін реттеп отыратын құжаттарды, соның ішінде, аукциондарды және Қоғамның құнды қағаздар жазылымдарын өткізу тәртібін және шарттарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

21) Қоғамның, Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің қызметін, Директорлар Кеңесінің, Басқарманың жеке мүшелерінің, Төрағаның және Басқарма мүшелерінің жұмыстарын, ішкі аудит және оның жетекшісінің қызметін бағалау әдістері және өлшемдері механизмін әзірлеу және бекіту, сонымен қатар оларды бағалауды іске асыру;

22) Қоғамның қызметінің басым бағыттарымен бекітілген нақты қолдануын бағалау;

23) Қоғамның корпоративті басқару тиімділігін бағалау, Директорлар кеңесі құзіретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративті басқару жүйесіндегі өзгерістерді бекіту немесе акционерлердің Жалпы Жиналысының құзіретіне кіретін, Қоғамның корпоративті басқару мәселелері бойынша Қоғам акционерлеріне ұсыныстар дайындау;

24) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру (қажет болғанда, әйтсе де жылына бір реттен кем емес);

25) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижесі туралы ақпараттарды акционерлерге ұсыну;

26) Қоғам өкілдігін және филиалдарын құру және жабу туралы шешім қабылдару және олар туралы ережені бекіту;

27) Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың он немесе одан көбірек пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сатып алу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар заңды тұлғалардың он немесе одан көбірек пайыз акцияларын (қатысу үлесімен) адалау;

28) басқа заңды тұлғалардың он немесе одан көбірек пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) Қоғаммен сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

29) Қоғамға тиесілі он немесе одан көбірек пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) заңды тұлға акционерлерінің Жалпы жиналысының (қатысушылардың) құзіретіне қатысты қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

30) Қоғамның ақпараттық саясатын анықтау;

31) Қоғам туралы ақпаратты немесе қызметтік, коммерциялық немесе Қоғамның заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын оның қызметін, сонымен қатар өз өкілдігін тоқтатқан Директорлар кеңесі мүшелеріне бұл ақпаратты таратпауға қатысты ескіру мерзімін анықтау;

32) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, Листингілік ережелерге және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттарды Қоғаммен ашылуын қамтамасыз ету;

33) осы Жарғымен белгіленген жағдайлардан өзге, ірі келісімдерді және жасалуына Қоғам мүдделілік танытып отырған келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау;

34) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлер тізімін құру мерзімін және акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және өткізуге байланысты басқа да мәселелерді анықтау;

35) Қоғам Басқармасы туралы Ережені бекіту;

36) Қоғамның даму Жоспарын бекіту (орташа мерзімді Бизнес-жоспар), оны орындау мониторингі;

37) Бюджетті, сонымен қатар Қоғамның есеп саясатын бекіту;

38) Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің лауазымдарының тізімін сонымен қатар тағайындалу (сайлау) келісімі Директорлар Кеңесімен жүзеге асырылатын еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды, сонымен қатар оларды қызметке тағайындау тәртібін анықтау; тағайындау келісімі осы тармақшаға сәйкес;

39) Қоғамның басшы қызметкерлерінің лауазымдарының тізімімен, сонымен қатар Директорлар Кеңесімен белгіленген тәртіпте басқа ұйымдарда қызмет атқаруы немесе жұмыс істеуіне келісім Директорлар кеңесімен жүзеге асырылатын еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың, Лауазымдық тұлғалардың және Қоғамның басқа қызметкерлерінің мүмкіндіктеріне қатысты келісім беруі туралы (мемлекеттік қызметкерлер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерінен өзге) шешім қабылдау;

40) тәуекелдерді басқару, сақтауды қамтамасыз ету және тиімділік талдауы бойынша Қоғамның ішкі процедураларын бекіту, сонымен қатар бұл процедураларды жетілдіру;

41) корпоративтік дауларды және мүдделер жанжалын реттеу саясатын бекіту, сонымен қатар Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте корпоративтік дауларды және мүдделер жанжалын реттеу;

42) қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаң нормаларын анықтау;

43) қызметтік іссапарларға жіберілген Қоғам қызметкерлерінің шығындарының өтелуінің тәртібін және шарттарын анықтау;

44) қызметкерлерге ұялы байланысты, өкілдік шығындар лимитін және өзге де лимиттерді пайдалану құқығын беру кезінде өтелетін шығындардың лимитін Қоғам қаражаты есебінен анықтау;

45) Қоғамның Орталық аппараты қызметкерлерінің штатын бекіту;

46) Ішкі Қызмет аудитінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

47) Ішкі қызмет аудитінің тоқсандық және жылдық есебін қарастыру және олар бойынша шешім қабылдау (Директорлар кеңесі аудиті жөніндегі Комитеттің ұсынысы бойынша);

48) Қоғам жұмысы Регламентін бекіту;

49) Іскерлік этика Кодексін бекіту;

50) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында стратегиялық құжаттарды бекіту;

51) Қайырымдылық және демеушілік саласындағы саясатты бекіту;

- 52) Кадрлық саясатты бекіту;
- 53) Қоғамның ішкі аудиті бойынша саясатты бекіту;
- 54) Экологияны, еңбекті және Қоғам қауіпсіздігін қорғау саласындағы саясатты бекіту;
- 55) Басқарма Төрағасымен және Басқарма мүшелерімен, Корпоративтік хатшымен, Жетекшімен және ішкі аудит қызметі қызметкерлерімен жасалынған Типтік еңбек шарттарын бекіту;
- 56) Қоғаммен қайырымдылық немесе демеушілік көмек көрсету туралы шешім қабылдау;
- 57) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін, Төрағаның және Басқарма мүшелерінің жеке негізгі көрсеткіштерін бекіту;
- 58) Қоғамның өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшерін бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды акционерлердің жалпы жиналысына ұсыну;
- 59) Қоғамның қызметі, соның ішінде қаржы жағдайы туралы ақпаратты Директорлар Кеңесі мүшелерінің алу тәртібін және мерзімін анықтау;
- 60) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы құзіретіне тікелей қатысты емес өзге мәселелер.

### **Атқарушы орган**

Басқарма Қоғам атынан әрекет етеді, соның ішінде оның мүддесіне өкілдік етеді, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғам атынан келісімдер жасайды, Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінен өзге Қоғамның қызметкерлерінің штатын бекітеді, Қоғамның барлық қызметкерлері орындауы міндетті шешімдер шығарады.

Қоғам Басқармасы Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның өзге органдарына және лауазымдық тұлғаларына қатысты емес, Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі шешімдерін орындайды, Директорлар Кеңесіне есеп береді және жүктелген міндеттемелердің орындалуына оның алдында жауап береді.

Қоғам Басқармасы:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы және Қоғамның Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың ұсыныстарының, Қоғамның ішкі аудит Қызметінің ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі құзіретіне енбейтін, Қоғамның мақсатқа жетуге бағытталған шешімдерін қабылдайды;
- 3) Қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің ішкі қаржы-шаруашылық қызметінің тәртібін және негізін реттейтін Қоғам құжаттарын бекітеді, сонымен қатар жалпы Қоғам қызметін құжаттауды қамтамасыз етеді;
- 4) Қоғамның Орталық аппаратының штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекітеді;
- 5) Қоғамның бірінші басшысын және өзге құрылымдық бөлімшелерінің басшы қызметкерлерін тағайындайды, сонымен қатар Жарғыға сәйкес және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте еншілес жіне тәуелді заңды тұлғалардың бірінші басшысын және өзге құрылымдық бөлімшелерінің басшы қызметкерлерін тағайындайды;
- 6) кезектегі ұсыныстарды Директорлар Кеңесіне әзірлейді және мақұлдайды.

- Қоғамның стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясы), қызметінің басым (даму) бағыттарын;
  - Қоғамның даму Жоспары (орта мерзімдік жоспар), қасалық бюджеттен және Қоғамның сатып алу бюджетінен өзге Қоғам бюджетін;
- 7) Қоғам бюджетін дамытуды жүзеге асырады, сонымен қатар оның орындалуына жауапты болады;
- 8) Жопарлау алдындағы жылдың 20 наурызына дейін Қоғам акциялары бойынша дивидендтердің болжамдық көрсеткіштерін Қоғамның ірі акционерлеріне ұсынады;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес немесе Қоғамның Жоғары органдарының шешімдерімен оларды дайындау және бекіту акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі құзіретіне берілуден өзге жағдайларда, Қоғамның қаржы-экономикалық, өндірістік және коммерциялық саясатын реттейтін Қоғамның басқа да бағдарламалық және нормативтік құжаттарын өз бетінше әзірлейді, бекітеді және жүзеге асырады
- 10) Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану жауапкершілігін көтереді;
- 11) Директорлар Кеңесін Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы дер кезінде хабардар етеді;
- 12) Қоғамның меншігіне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерді тудыратын себептерді және жағдайларды анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;
- 13) ішкі (қызметтік)ақпараттың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

#### **Басқарма Төрағасы келесі қызметтерді атқарады:**

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) өз құзіреті шегінде бұйрықтар, жарлықтар және ішкі құжаттар шығарады;
- 3) үшінші тұлғаларға қатысты, соның ішінде соттармен және мемлекеттік органдармен Қоғам өкілдігі құқығына, сонымен қатар Қоғаммен жасалған шарттарға қол қою құқығына сенімхат береді береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы заңнамасын актілерімен және Жарғымен белгіленген жағдайлардан өзге), оларға ынталандыру шараларын қолданады, тәртіптік жаза тартқызады; Басқарма мүшелері, Корпоративтік хатшы, Жетекші және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Қоғам Хатшылар алқасының өзге, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақы мөлшерін анықтайды және лауазындық еңбекақы мөлшерін белгілейді;
- 5) өзі жоқ болған жағдайда, өзінің міндеттемелерінің орындалуын Басқарманың бір мүшесіне тапсырады;
- 6) міндеттемелерді, сонымен қатар Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасындағы жауапкершілікті және өкілдік өрісін бөледі;
- 7) Қоғамның мүддесіне оның қызметінің барлық мәселелері бойынша барлық мемлекеттік және басқа органдарда және өзге ұйымдарда өкілдік етеді;
- 8) Директорлар Кеңесіне, сонымен қоса Қоғамның ірі акционерлеріне блгіленген тәртіпте келесілерді ұсынады:
  - Қоғам акционер ретінде қатысатын ұйымдарды басқару, сонымен қатар мұндай ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне ықпалы туралы есепті;
  - қызметтің басым бағыттарын (даму) жүзеге асыру, Қоғамның стратегиялық мақсаттары, даму Жоспары және қоғам бюджеті туралы есепті;
  - жылдық, сонымен қатар Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігімен бекітілген үлгі бойынша

оның еншілес және тәуелді ұйымдарында шоғырландырылған ақпаратты. Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесіне және Қоғамның ірі акционерлеріне есеп-қисапты ұсынудың өзге формасы және мерзімі белгіленуі мүмкін;

9) директорлар Кеңесі Төрағасымен Басқарма Төрағасының, сонымен қатар Қоғам өкілдігі орналасқан елдерге іссапарлардан өзге, Қоғам басқармасы мүшелерінің шетелдік іссапарларын үйлестіреді;

10) Қоғам жарғысымен, акционерлердің жалпы жиналысы және Қоғамның директорлар Кеңесі шешімдерімен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады;

Қоғамның басқарма Төрағасы 10 000 000 (он миллион) АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомаға өз бетінше Қоғам атынан келісім жасауға құқылы. Аталған сомадан асып кеткен келісімдер, Қоғамның қай органының мұндай мәселе бойынша шешім қабылдау құзіреттілігіне қарай, Басқарманың, Директорлар Кеңесінің немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының мақұлдауымен жасалады.

### 13. Эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелері

Аты –жөні	Туған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын қызметтері, соның ішінде қоса атқарушылық бойынша (хронологиялық тәртіпте)	Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оның жарғылық капиталына және оның еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысу үлесін көрсете отырып қатысуы (акциялар/үлес)
Байдаулетов Нуржан Талипович <i>Директорлар Кеңесінің Төрағасы</i>	1960ж.	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік Қоғамы»: 27.11.2008 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Активтерді басқару жөніндегі Бас директор <b>«AirAstana» Акционерлік Қоғамы :</b> 26.12.2008 ж бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің Төрағасы <b>"КТЖ» Ұлттық компаниясы</b> <b>Акционерлік қоғамы:</b> 24.01.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің Төрағасы <b>«Қазақтелеком» АҚ:</b> 08.05.2012 ж. бастап Директорлар Кеңесінің мүшесі; 18.05.2012 ж. осы уақытқа дейін <i>Директорлар Кеңесінің Төрағасы</i>	0,00 %
Есекеев Куаньшбек Бахытбекович  Директорлар Кеңесінің мүшесі	1975ж.	<b>«Қазақтелеком» АҚ:</b> 15.03.2010ж.бастап осы уақытқа дейін Басқарма төрағасы , Директорлар Кеңесінің мүшесі	0,00 %



<p>Нуриева Айгуль Маратовна Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>1974ж.</p>	<p>«<b>Alnair Capital Holding</b>» <b>Акционерлік қоғамы:</b> 11.07.2008 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарушы директор «<b>Alnair Capital</b>» <b>Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 25.02.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарушы директор; <b>Bodam B.V.:</b> 10.06.2005 ж бастап 13.09.2012 ж дейін Директор; «<b>Қазахтелеком</b>» <b>АҚ:</b> 14.04.2006 ж.бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>0,00 %</p>
<p>Сарсенов Адильбек Газизович  Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>1973ж.</p>	<p><b>Ұлттық инфокоммуникациялық холдинг Акционерлік қоғамы «Зерде»:</b> 06.11.2008ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі; «<b>Amun Capital Advisors KZ</b>» <b>Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 01.08.2010ж. бастап қазіргі уақытқа дейін телебайланыс активтерін басқару бойынша директор; «<b>Телекомпания ЭРА</b>» <b>Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 10.12.2010ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Бақылау Кеңесінің Мүшесі; «<b>Қазақтелеком АҚ:</b>» 20.09.2010 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі, стратегиялық жоспарлау бойынша Комитет Төрағасы.</p>	<p>0,00%</p>
<p>Саудабаев Серик Болатович Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>1977ж.</p>	<p>«<b>Самұрық-Қазына</b>» Ұлттық әл-ауқат қоры» <b>Акционерлік Қоғамы</b>) 17.06.2010 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін активтерді басқару жөніндегі Директордың орынбасары; «<b>Қазпочта</b>» <b>Акционерлік қоғамы :</b> 13.08.2010 ж . қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі; «<b>Қазақтелеком</b>» <b>АҚ:</b> 12.07.2010ж. қазіргі уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі, стратегиялық жоспарлау бойынша Комитет мүшесі.</p>	<p>0,00 %</p>
<p>Акентьева Наталья Евгеньевна <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1974ж.</p>	<p>«<b>Юг-Трейд</b>» <b>Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 19.07.2013 ж. қазіргі уақытқа дейін Директор «<b>Иволга - Холдинг</b>» <b>Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 01.03.2010ж. 18.07.2013ж. дейін. Корпоративтік даму жөніндегі Бас Директордың орынбасары; «<b>Қазақтелеком</b>» <b>АҚ:</b> 12.03.2010 ж. қазіргі уақытқа дейін Тәуелсіз директор, аудит жөніндегі Комитет мүшесі , тағайындау және сыйлықақы жөніндегі Комитет мүшесі; 28.06.2013 ж. қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет Төрағасы</p>	<p>0,00 %</p>

<p>Кучура Виталий Николаевич <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1970ж.</p>	<p><b>АСМЕ Investment Advisory Ltd (Ұлыбритания) ( Мәскеу қ., Ресей):</b> 10.10.2005 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Өкілдік басшысы; 11.07.2006 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Директор; <b>«Қазақтелеком» АҚ:</b> 06.11.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Тәуелсіз директор, , тағайындау және сыйлықақы жөніндегі Комитет мүшесі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі; 28.06.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет мүшесі</p>	<p>0,00 %</p>
<p>Ларионов Дмитрий Владимирович <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1973ж.</p>	<p><b>«BDO Қазақстан аудит» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 08.08.2005 ж қазіргі уақытқа дейін Серіктес; <b>«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы:</b> 30.04.2008 ж. қазіргі уақытқа дейін тәуелсіз директор, Директорлар Кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі Комитет төрағасы, Тағайындау жөніндегі Комитет төрағасы, Сыйлықақы жөніндегі Комитет мүшесі <b>Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің аудиторлық қызметі және бухгалтерлік есебі мәселелері жөніндегі Кеңесші орган:</b> 28.05.2009 ж. қазіргі уақытқа дейін кәсіби ұйымның Кеңесші органының Мүшесі <b>«Қазақтелеком» АҚ:</b> 29.09.2008 ж. қазіргі уақытқа дейін тәуелсіз директор, аудит жөніндегі Комитет Төрағасы, тағайындау және сыйлықақы жөніндегі Комитет мүшесі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі; 28.06.2013 ж. қазіргі уақытқа дейін Член Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі; Әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет мүшесі.</p>	<p>0,00 %</p>
<p>Окаев Ермек Кабиевич <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1960ж.</p>	<p><b>«Экотон» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 08.08.2007ж. . қазіргі уақытқа дейін Бас директор <b>«БИКО Баспа үйі» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік:</b> 01.10.2009 ж. қазіргі уақытқа дейін Бас директордың орынбасары <b>«БИКО»: Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік</b> 21.05.2010ж. қазіргі уақытқа дейін Бас директор <b>«Қазақтелеком» АҚ:</b> 29.05.2006 ж. қазіргі уақытқа дейін Тәуелсіз директор, тағайындау және сыйлықақы жөніндегі Комитет Төрағасы, Аудит жөніндегі комитет мүшесі; 28.06.2013 ж. қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет мүшесі</p>	<p>0,00 %</p>

### **Директорлар Кеңесі құрамындағы өткен екі жылдағы өзгерістер және көрсетілген өзгерістердің себептері:**

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының 2012 жыл 08 мамырдағы №47 жылдық хаттамасына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің өкілдігі мерзімінен бұрын тоқтатылды ( 4.09.2009 ж. №39 Хаттама, акционерлердің жылдық жалпы жиналысының Шешімімен сайланған), сондықтан Жарғымен қарастырылған Директорлар Кеңесі құрамы әрекетінің мерзімі 4.09.2012 ж. аяқталды және акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу талап етіледі.

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының 2012 жыл 08 мамырдағы №47 хаттамасына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ директорлар Кеңесіне сайланды:

- Байдаулетов Н.Т.;
- Саудабаев С.Б.
- Есекеев К.Б.;
- Нуриева А.М.;
- Сарсенов А.Г.

#### **Тәуелсіз директорлар:**

- Акентьева Н.Е.;
- Кучура В.Н.;
- Ларионов Д.В.;
- Окаев Е.К.

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 31 бабы 1 тарауына сәйкес және «Қазақтелеком» АҚ директорлар Кеңесінің 2012 жыл 18 мамырдағы №7 Хаттамасына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры Байдаулетов Н.Т. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағалығына сайланды.

### **13-1. Эмитенттің директорлар Кеңесінің Комитеттері**

«Қазақтелеком» АҚ директорлар кеңесі жанында стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитет, тағайындау және сыйлықақы жөніндегі комитет, әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет жұмыс жасайды.

*Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитеттің* құзіреті болашаққа ұзақ мерзімге Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін шараларды әзірлеуді қоса алғанда, Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау және оның даму стратегиясы мәселелері бойынша Қоғамның директорлар Кеңесіне ұсыныстарды ұсыну және анықтау болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі **Комитеттің құрамы** (2012 жыл 18 мамырдағы «Қазақтелеком» АҚ директорлар Кеңесінің шешімі, №7 хаттама):

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитеттің Төрағасы: Сарсенов Адильбек Газизович  
Bodam V.V. акционерінің өкілі, «Amun Capital Advisors KZ» ЖШС телебайланыс активтерін басқару жөніндегі Директор

Стратегиялық жоспарлау Комитетінің Мүшелері:

– Кучура Виталий Николаевич, Тәуелсіз директор, ACME Investment Advisory Ltd Директоры/ Өкілдік Басшысы

– Ларионов Дмитрий Владимирович, Тәуелсіз директор, Халықаралық байланыс/жобалар бойынша серіктес, «BDO Қазақстанаудит» ЖШС;

– Саудабаев Серик Болатович, «Самұрық-Қазына» ФНБ АҚ Өкілі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік Қоғамы активтерін басқару жөніндегі Бас директордың орынбасары.

*Аудит жөніндегі Комитеттің* құзіреті -Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау функцияларын Қоғамның директорлар Кеңесінің тиімді орындауына, ішкі және сыртқы аудиттің нығаюына ықпал ететін ішкі бақылаудың және тәуекелдерді басқарудың сәйкес жүйелерінің Қоғамда қызмет істеуіне және түгел бар болуына ықпал ету болып табылады,

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі **Комитетінің құрамы** (2012 жыл 18 мамырдағы «Қазақтелеком» АҚ директорлар Кеңесінің шешімі, №7 хаттама):

Аудит жөніндегі Комитет Төрағасы: Ларионов Дмитрий Владимирович, Тәуелсіз директор, Халықаралық байланыс/жобалар бойынша серіктес, «BDO Қазақстанаудит» ЖШС.

Аудит жөніндегі Комитет Директоры:

- Акентьева Наталья Евгеньевна, Тәуелсіз директор, «Юг-Трэйд» ЖШС Директоры
- Окаев Ермек Кабиевич, Тәуелсіз директор, «Бико» ЖШС Бас директоры.

*Тағайындау және сыйлықақы жөніндегі Комитет* құзіреті кадр саясатына және ынталандыру саясатына қатысты директорлар кеңесіне ұсыныстар жасау арқылы Қоғамды басқару тиімділігін арттыру, Директорлар кеңесі құзіретіне кіретін тағайындау және сыйлықақы бойынша мәселелерді қарастыру, сонымен қатар директорлар кеңесімен қабылданған мұндай шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

